Үндемес кеңірдегінен су кеше жүрін жынырма аитрлік үдистегін солжарканды да ала кетті. Жұзген жоқ, бір колымен ыдисты, бір колымен резенке доңгалакты сүйретін, су кеңірдегінен асам дегендегі деңесін ұрнықша үйріп, жағаға ұмтылыды. Жайылма кеніндең жагалауы да алыштай бастанты. Суық су тұла бойын мұздатып, сүйрінен өтіп барады. «Шыдау керек. Оттең қызга кнын болды-ау».

Он минуттада уақыттаған соң Үндемес жагалаудан жынырма қадамдай жерде тұрды. Өзенге қарады. Соқыр қараңғылықта ештеңе көрінер емес. Нөсер бұрынғыдан да үден, шелспектеп төпен тұр. Аяқ астынан жүлгелен басталған жаңбыр сұы

жан-жактаң молайып, өзенге қарай шапқылап барады. Ержан мен Бұлғыншан хабар жоқ. «Болбырамай тезірек ки-мылдаса қайтеді мышалар!».

Қалтырап бара жатқан соң жалаңаш депесіне үшінеге су өткіген тонды кие салды. Екі аяғын кезек көтерін, бір орнында тынырлап біраз тұрды. Болмажан соң резенке донғалакқа солярканы шашып жіберін, от жақты. Жаңбыр тамшысы тиғен сұйық май шатырлан, өршелене жана бастады. Депесінің жалаңаш жерлерін отка жалыткан болды. Оринын түрли кетің, шыдай алмай айқайға басты.

— Ержан, барсындар ма? Ержан!..

Жауап жоқ. Арең жағаға үмітпен үцілді. Көрсокыр түпек түкті көрсетпейді. Тың тыңдады. Сатырлаган иөсер, шатырлап жаңған резенке, ағыны күшешіп сарылдаған өзен ештеңе естітер емес. «Бармасам болмас».

Тонды нығынаң сілкін шешін, қайта орады. Өзенге қарай жүгіре жөнелді. Сүмдүк-ай. Әлгінде бұл көнін шыққанда тізеден келетін жаганын сұы buquerque жетінгі. Ағыны күшеші түскен. Э дегендең жұлқын барады. «Олдекайда сел басталған екен».

Үндемес құлаштап жүзе жөнелді. Ара-арасында айқайға басады.

— Ержан! Ержан!..

Бұл кезде Бұлғын мени Ержан су ішінде ариалысын жүрген. Қыз жүзуді білмейтін еді. Кабина ішінде екеуі біраз арналасын, жігіт оны шешінуге орең көндірді. Бұлғын жесіл кейлекпен қалып, кол ұстасын сұға түскенде оның терендігі адам бойынаң асын кеткен болатын. Ержан қызды сүйемелден жүзе жөнелді. Бірак қорқып кеткен Бұлғын оның өзін су түбіне тартып бара жатты. Жандармен жанталас басталды. Түшінген кала жаздаган екеуі ербендерін су бетіне қайта көтерілді. Қыз жанұшырып жігітке қайта жармасты. Ержан сақсақтаң жүзе алмай тыныралады да қалды. Қақалып-шашалып су жұтты. Бойын үрей биледі. Тіршілік шіркінің тәтті екенін кас қагымда сезінін, гайынтаң жансауға тілен жанұшырды. Қызды қойып өз басын аман алып шыгу цынінга айналды. Бұлғын одан айырылар емес. Бұл жоғары тартып, қыз төмен сүйреген сайни Ержанды өлім деген коркыныш тітіркентіп барады. «Шынымен-ақ жап-жас бол... Қорер қызығым алда еді го!..» Бар күшін бойына жиган жігіт қызды серпіп итеріп, өзінен алыстатып жіберді. Бұл-

ғын екі қолы ербендең, түкті түсінбей толқынға батып бара жатты. Жап-жагына алактаған Ержан қызды су бетінен көре алмады. «Батын кетті». деген сұық ой басына шанты. «Болары болды, одан айрылдым».

Біраздан соң бойын билеген жігіт енді мұнда аялдамай ағыстың ыңғайымен жанталаса құлашын сермен, алыстай берді.

Корқыныштан есінен тана жазлаган қызды жігіттің серне штерген күні мен ағыс кейін қарғай лақтырган. Бір батын, бір шығын аяқ-қолы ербендең су бетінә қайта шыққанда екі-үш құлаш жерде қарауытқан трактор тіркемесінің төбесін байқады. Жапұшырын қол-аяғын тырбаңдай сермен соғай қарай ұмтылған. Қолы темірге іліккен соң айрылмай қалды. Жылай жіберді. Айқай салды.

— Ержан! Ержан!..

Қыздың даусын Ержан емес, жаңушыра жүзіп келе жатқан Үндемес естіді. Жақындан келіп, қызбен катаrlасып, темірден ұстан тұрып тіл қатты.

— Ержан қайда?

— Білмеймін.

Жігіт бұдан ары күтиеді. Қызды сол қолтығына тынырлатын аш белінен қысын алғып, оң қолымен құлаштап қырындаш жүзді. Құтқаруышының тегеуінді күнін сезінген қыз бойын билеп, жігіттің ыңғайына бейімделе берді. Бұл орекет жігітке сәл де болса женілдік екелді. Шаршаған Үндемес бір-екі рет су жұтын, батын та кете жаздады. Сонда да қолтығындағы қызды толқын бетінде ұстан, одан айрылмады. Жагалауга қарай өршелене ұмтылды. Ағыс скеуін ырқына қоңдіргісі-ақ келеді. Адам мениң тілсіз жау — сұдың арасында айқас басталды. Қақалын-шашалын су жүткен қыз бен жігіт жагалауга жеткенде әбден әлеірен қалған еді. Бағындықты жагага іліккен Үндемес өлемендейді таңытты. Бұлғынды арқалан, өнүге айналған оттың касына екелді. Үңдистағы соляркадан аямай құйып, отты қайта маздатты. Тонды қолына алғып, аударыстырын көрді. Оның ішінде күрғак екен.

Қыздың жұқа іш көйлегі деңесінде жабысып қалынты. Жігіт бас сап, оны шешініндіре бастады. Бұлғын дірілдеген әлсіз қолдарымен мұны штерін қарсыласқан болды.

Жігіт оған жекіріп тастанады.

— Жетер ақымақтығың! Қарантан-қарал тұрып өлгің келе ме?

Қыздың іші көйлегін етегіне түре көтеріп, бас жағынаң смырыны алды. Бұрғасын қожектей болған Бұлғының тоғға ораң, отқа жақын отыргызы. Денесі жашыны болғаны мұндай жақсы болар ма, жылы тоғға көмілді де қалды. Жігіт енді алақтан өзінің киімдерін іздеді. Таңқанымен бірақ кие алмады. Малмандағы су болынты. Тоның ішіне ораң кетпегеніне өкінді. «Жарайды, шыдан бағайып. Қоң болса аурухана-ның төсегіне бір аунаң тұрармын. Тек әйтеуір мынаң кыз қал-нектай тұненесе жарап. Тоң жылы гой жаңын алыш қалатын шығар».

Үндемеетің тісі-тісіне тимей сакылдан, тоңын барады. Жаңбыр тамшылары денесіне тікендей қадалады. Отқа жақынады. Оған үсті-үстіне солярка тамызды. Денесін дамыл-сыз үқалайды. Элденуақытта есіне Ержан түсін-айқай сал-ды.

— Ержан! А, Ержан!..

Жауап болмады. Тағы үстін-үстін айқайлады. Үн каткан ешкім жоқ.

Бұлғын тілге келді.

— Ол суга батын кетті... — деді ол кемсендеп.

Үндемес оқтын-оқтын жағалау бойлап, денесін тесін ба-ра жатқан жаңбыр тамшысына қарамай Ержанның атын атап шақырумен болды. «Ағыс алыш кетіп, алысырақ бақса бір жерден шықты ма, кім білсін?» Сүмк жанбырга шыдай алмаган соң қайта келіп отқа ентеледі. Қыздың оған жаңы ашын кетті.

— Кең, — деді ол тоның шетін ашып, — екеумізге де жетеді. Екеудің шықтарын түйістіріп, тоңды жамылдып, отқа тағы жақындаі түсті. Қыздың денесінің қызуын сезінген жі-гіттің тула бойы дір етті.

Осылай екеудің жарты сағаттай отырған. Нөсер бәсепсіді. Соңы ак жаңбырга ұласқан тәрізді. Кімдерін күрсінеше оты-рын отқа қақтаган болды. Бірақ жаңбырдың астында кебе қоятын түрі жоқ. Солярка да азайып барады. Қыз жін-жі Ержанды еске алыш, кемсендеп берлі. Үндемес бұған шыдай алмай орынан атын тұрып, тагы өзен жағалап кетті.

Ержаншай берібір дерек болмады. Ізім-қайым жоқ. Үн-демес ингрек сағаттан соң тісі-тісіне сакылдан, үшіншінен түсіп кайта оралды. Қыз өзін-өзі кінәлады. Ержанды суга батырып жіберген меммін ден ойлады ол. Тірі болса келер еді ғой. Ержан-ай, шынымен...

Тоңын оралған Үндемес енді үятты жишастырып койып тоның бір шетіне жармасты. Қыздың іш көйлегі мен өз кімдерін аяқтарының астына жақыннатып, жақбырдан көлөгейлен кептіруге әрекеттеді. Алдымен бар күшін салып қыздың жұқа іш кімін бұрап сұқты. Сөйтін жалынга жақынырак тосты. Оттың қатты қызыумен ол аздан дегдігендей болды.

— Кіні ал, қалғанды деңесің қызыумен кебеді, — деді жігіт қызға.

Жігіт енді өзінің кімдерін бірінен соң бірін осылай кептіруге әрекет етті. Сөйтін тағы бір сағаттай әуреленген ол шала кенкен кімдерін үстіне іліп алды. Кіні болғанда үстіндегісі қостюм-шалбар мен жейде болатын.

Окта-текте Ержанды еске алыш, кемсендеп отырган қызға жігіт енді бұйыра сөйлемді.

— Ол жігіт емес не, тірі болса ауылга жетер. Бізге де козғалу керек. От өшүге айналды. Отыра берсең тағы тонын қаламыз.

Үндемес тоңды Бұлғынға кигізіп, колынан жетектен жүріп кетті. Екеуінің де аяқ кімдері жесіл болатын Шылқыланған су табандарынан өтін барады. Әйтесір қызды сактан келе жатқан тоң. Үндеместің халі мүшкіл.

Екеуі де бұл араны жақсы білеттін. Қешуден он-он бес шакырым қашықтықта шоңандардың үйі бар. Сөған тезірек жету керек.

Ширек сағаттан соң-ақ жігіттің кімі тағы мағманадай болып шыға келді. Соңда да қызға сыр бермеді. Бұлғынды сақтаң келе жатқан тоңға ортақтаса алмады. Оның да қақсаған деңесінен сұық жақбыр өтін барады. Сай-сүйегі сыркырайды. Мұндайда жүріс өніген бе, жақбырдың астында салынктаган екеуі үш сағаттай сандалды. Бір тобеге шыға келгенде шакырыган әтештің дауысын есітіп жүректері дүре-дүре согын кеткен. Төменде шоңаниның екі үйі қарауытады. Бұлар солай карай жүрді. Беймезгіл жүргіннілсерді дуу сары төбөт ариналған қарсы алды. Оған жан-жақтан бірнеше ит косылын, бейуақытта сан ете қалғандарды ортага алды. Үндемес жанұшырып колына іліккен сынық айырмен қызды да, өзін де корған бәкты.

Шеткі үйден желең кініген ер адам шықты.

— Сырттан! Тарлан! Қо, кә! Қүшім, күшім, кә!

Иттер тыңдаминаz болар ма. Иесінің дауысын таның, құйрыктарын бұлғандатын, қора жағалап жөнелді.

— Кімсіндер, ой, таң атнаїп шұлатып жүрген?

Үндеместің дауысы қарлығын көпти, бұлығын жауап берде алмады. Бұлғын шырылдан қоя берді.

— Агатай, өзенің өте алмай нөсерлің астында қалып койдык. Тоңын барамыз, үйге кіргізіңіз.

Ол жақиянырақ келіп, алдымен күдіктене, сонау соң екенінде бетіне үйде қарады. Денелі, ұзын бойлы, сұсту, тікіррейген мұртты кісі екен. Өзінен-өзі мыре етті.

— Суға тұсken тауыктай ұсқындарың кетін қалынты гой.

Шошаниң ойелі аяқ-қолы жылдам кісі болып шыкты. Нешке от жакты, лезде сақырлатып шай қайнатты. Үндемеске күйеуінің, қызга өзінін құргақ кнімдеріп берді.

— Шырактарым-ай, оңбай сұықтаи қалынсындар гой. Эсірсөде мына бала соқталдай бол көгеріп түр. Қазір отагасына айтып жылқының майымен ысқылатынасқ болмас. Қызым, сені тон сақтанты. Соңда да аяқ-қолынды ысқылаң берейіп, тәсек тартып қалып жүрересін.

Бұлғын жылты жерде бойы балбыран, тез үйыктан кетті. Жіргіттің, керісінше, денесе құрысын, қызуы күрт көтерілді. Басы солқылдатып алғыш барады. Тынысы тарылды. Сүйектен откен сұық мендетіп әкетті. Қол-наяғы қақсан, шыдатар емес. Ойтсе де тұмысына төзімді жігіт сыр білдіргісі келмеді. Жүргегі дүре-дүре согып, кеудесі сыйылғын бара жатса да тістеніп жата берді. Ыңқ дең дыбысын пыгармады. Дегенмен мендерегін ауру қойын ба, уақыт откен сайын денесі қалинылдан, саидырактай бастады. Соңда гана барын аласүрғаш оны үй несі байқап қалды. Елиелектен қасына жүргіріп келді.

— Саган не болды, жігітім?

Үндемес көзін әрең анын, басын шайқады. Қөзінің асты көгілжім тартылты. Әкнесі сырлылай, алқына дем алады. Ерін кезерген.

— Нышанкүл, а, Нышанкүл. Түр орнынан. Не істесек екен е? Мына жігіттің халі нашарлан бара жатыр.

Оның үрэйлі даусынан шошының Бұлғын да оянып, үй-кылыш-ояу «не болдылап» шырылдан жүр. Үндеместің бет-әл-кетіне көзі тұсken қыз үрэйленіп кетті.

— Сабыр ет, қызым, — ден жатыр үй несі.

— Агатай, бір амалып тауып арууханаға жеткізіңіші.

Жаңбырдан соң мұнда жүргінші машинаның бірде-бірі соқпасын білетін шошан пысқырының тұрғаш жарау атына асығыс ер салды.

Сел тасқынына үшырагандар туралы ауыл сол күні түс кезінде түгел естіген. Судан аман шыққан Ержан серіктерін жоққа сапаң, жагалаудагы отты көрмей, беталды жүгіре жөнелген еді. Сол бойда жолы болып асфальт жолдан бір-ақ шыққанда жүргегі жарыла қуанды. Багы жаңын кездесе кеткен жүргінші машина оны зырылдатып аудан орталығына жеткізген. Қоң кешікней алғашқы дәрігерлік көмек көрестілді. Кезекші медбикелер оның денесін спиртиен ықылап, дәрі-дәрмек берді. Ержан палатада күрк-күрк жөтелін жатып, болған оқиганы баяндаған. Аудан орталығынан тайтертең совхоз басшыларына телефон соғылды. Үндемес иен Ұұлғының суға кеткен туралы сүйк хабар ауылға тез тараң, бір тоң адамнан құрылған отряд Келестің кешуіне қарай жөнелтілді.

Ержаның аман қалғанын естіген Ұұлғын қуана алмады. Жүргегі сыздан, есіне су ішінде екеуінің жанталасы оралды. Жігіт қызды серие итерін жібергенде жеке басын ажалдан аман алған қалуды ойлаганы ма? Ұұлғын «екеуіміз бірдей батын бара жатқан соң мені тракторга қарай итеріп, жан сақтаї тұрсын» дегені шыгар, дең жорамалдаған.

Кыз жүргегі жұбана алмады. Ержан есіне түскен сайды бойына біртүрлі діріл найда болады. Бұрынғы қимастық сезім қайда кеткен? Өлім мен өмір ариалымында жігіт әлеіздік көресткені ме? Екінші бірі солай емес не. Бірақ Ержан...

Кыз кеңілі корланды. Іззадан жылан жіберді. Неге жылаганың өзі де түсінбейді. Кеңелі бергі ой ариалымы сиді тұманданды. Ержанға деген сезімі жүден, көңілін кірбің басқап.

— Ауыл сыртындағы молада тағы бір төмпешік пайда болды. Топырағы кенинеген жаңа молага барушылар саусақшын санаарлық қана.

Әнеукүнгі алапат нөсерден соң табигат момақан қүйге енген. Қоқтем нін тұр. Мола маңы қызғалдақ нен шісті түрлі гүлдерге ораңған. Жер көгі тізеге жармасады.

Бұлғын молага жалғыз келді. Мұнда Үндемес жатыр. Қыз еңкейіп қолындағы гүл шогын төмпешікке ақырын ғана қоюш, кейін шегінді.

Ол моладан көз алмай ұзак тұрды. Жүргөі шымырлады. Жапарына ыстық жас іркілді. Ал әріректе есекі мазарларды панаңдан әлдекім қыздан жасырының, бой тасалан олек.

Бұл Ержан еді.

СУРАУСЫЗ ҚАЛГАН СҮЙИШІ

(әңгіме)

Аудан орталығынан Төре көңілсіз оралды. Жол бойы жұка сары шоферіне тіс жарып үш қатпады. Түнерген калпы ауылдың шетіне іліккенде:

— Конторга бұр! — деп қүцк етті.

Төрі мен есірі тай шаңтырымдаі кең кабинетінде отырып та көңіл шіркін байыз тансайны. Әдette жұмсақ орындықта шалқайын, бұлтиған козы қарнын синаңқырап, келгендерге маңғаздана, кораздана қараганды ұнататын. Бүгін онысиппен жерінін калыты. Алдына ешкімнің келмегенін іштей тіледі.

Бұлай көңілім құлазын, алай-дүлей сезім дауылына ұрындармын деп ойлаган емес. Төрт құбыласы тең бол, талтандан жүрген шағы емес не. Іргелі шаруашылық ашқа алақанынта, жұмса жұмырығында. Аудан басындарының алдында беделсіз емес. Қол астындағылар той «Тәкелеп» бәйек бола калады. Шын инейлдері солай ма, әлде, мұның тік мінезділігінен бой тарта ма, ол жағы бұған жұмбак. Эйтесір, кімсін, «Тәке» бол жүр.

Бынагы қоктемде совхоз директоры Гөрекін мерейі бұрынғыдан да ессе түскен. Отар-отар кой дүркіретін төлден кен берсін. Мамандар олай есентен, бытай есентен, алдына акбарды әкеп тастанады. Абырой болып Оңтүстіктің шаң қаптыратын антабынан аман етсе, майдада тұқтың саны ессе түспек. Мактау алдымен өзінің еншісіндеге екенін іштей сезін, токмайлейін қалатын. Сөйтін жүргенде әйелі Гүлдана жүрек жарды тағы бір куашыты жеткізсін: «Төрем-ау, мениң бойымда өзгеріс бар, тілегіміз орындалса, шілдехана жасармый» деген.

Корықкан мен куаңған бірдей екен. Әйелінің аузынан осы сөзді естігендеге бас қүйкасы шымырлап, төбе шашына дейін дұылдан кетті. Балаша мәз, бәріл ұмытын: «Шын ба, Гүлданаш?» деп ыржия берді. Бүйтінегендеге қайтсін. Оку соңынан оку күши жүріп, өздері отызды аттап барып үйлемшіп, түтін тұтеткен. Оның үстінен Гүлдананың құрсагына он жыл бойы ентеңе бітпеді. Бірі қырықтан асып, екіншісі қырықты аяқтан шалғанда сәби сүйеміз деген ұміт оты жылт етсе, әркім-ак осылай есінен айырыла куанар.

Сол күннен бастап кеудесін бір ыстық сезім биледі. Директор жұмысқа креслода бұйырып отырып, тәтті қиялдарға берілетін. «Ер бала болса есімін Серік қояды. Өміріне шын серік болсын. Серік деген атакты спортшылар да көбейіп кетті сонғы кездे. Соларға ұқсан, дүрілдетін жүреін. Қыз болса... Көрө жатармый».

Бір қызығы қыздан гөрі ер балаша бүйрекі бүрыңқырайды.

Содан кейін-ақ тәтті ойдаң құшагында отырганда рұқсат сұрап кіріп келгендерді онша ұнатнайтын болды. Столында қатар қонактаган қос қара телефон да безілдеуік. Бұл болса трубканы еамарқау котеретін әдет танты.

Бұл сижарлық танытып, сүлесоктық байқатқаимен табанишан тік тұрган шаруашылықтың ісі тоқырамай, бүрынгыша ілгерілей берген. Төре танданды да қойды. Қүнделікті тыным таштай, мамандарды күрып жесен де осы, оларды өз еркіне қойып, кабинетшіл болып алаң да осы.

Оринынай тұрып, үйіне қайтуға ынғайланды. «Бірер сағат ерте кеткенин бірдеце қирап қалмас. Бүгінгі қуанышына қызметтестеріңің бірі келіп қалар».

Сыртқа шыққан соң жаңына қалбалактан жетін келген Әлімге:

— Үйіңе барып демала бер! — деді қолын бір-ақ сілтеді.

Шофері түсіне қойды. Бүгін бастығының көнілі қекте жүр. Әлгінде аудан орталығына барғанда әйелі Гүлдананың аман-есен босаңғанын естіген. Ұл тауыты, ұл!.. Директоррың балаша мәз болғанын көрген Әлім де бостан-босқа ыржалақтай берген.

Бұлар аудан орталығында екі сағаттай аялдады. Неге екені белгісіз Төре басшылардың алдына шақырмаса да кіріп шықты. Бұрын ретін келсе қашқақтаи жүретін. Бүгін әйттеуір өзі тым ешелектеп кетті. Қырсық содан басталды. Бастықтардың алдынан шыққанда қабагы біртүрлі түнеріңкі еді. Манинасына отырып жатын:

— Бұлардың бәрі тасжүрек болын кеткен бе? Қуанышымды айтын-ақ жатырмын, ал олар менен жұмыс жайын сұрайды кең, сұрайды...

— Ауылға барсақ, тайлыш-тұяғы қалмай келіп күттүктар, — деді Әлім көнілін аулап. — Сүйінші сұраушылар да табылып қалар.

— Сұраса дайын, сүйіншім, — деді директор масаттанып: Он-ои бес қызыл құлақ қалтамда жүр. Директор деген атым

бар. Оның үят болар. Қейбіреулер ғой сүйінің сұрағандарға бір-бір қойды машинасының артына салып жіберсөлі екен. Өзіміз талай сүйіншің согымын жегеніміз есінде ме, Әлім?

— Есімде, Тәке, есімде.

Осыдан кейін ол тағы тұнжырап қалған. Содан да і қабагы ашилмай тұнеріп жүр.

Директордың көшемен жаяулатқандагы ойы біреулер кездесер деген үміт. Құттықтар, бөлкім, сүйінші дәметер. Сөйтін екі аякты пінде снякты бұл да бір арқа-жарқа-болғасын.

Дүкениң қасынан оте бергенде жесіл «УАЗ»-бен қуын партком хатшысы Мұрат жетті. Машинадан түссе салысымен, оның да ұзын сирактары серенде ентігіп келеді. Директордың іші жылны сала берді. «Сүйіншін хатшының өзі қағып кетін жүрмесін».

— Тәке, сізге барсам кабинетің таре жабық. Хатшы қызказір жаяулатын кетті деген соң...

Екеүін бүгін әлі жүздеснеген еді. Қол алдысты.

— Сіз кешке болатын партбюроның мәжілісін ұмытын кетпесін деп... Соны ескертпек едім.

«Түн, мынаны-ай! Мені бір ұмытшақ сашайды-ау өзі. Элде нысықсынған түрі ме?».

— Есімде, Мұка! Барамын ғой, — деп күңк етті.

Сөйтті де, типиңдап жоңен берді. О дегендес қаттырақ жүріп койса керек, ауыр деңесін жісін, кеудесі қысын, ырсылдады да қалды. «Қап, жаяу жүрмегенің кесірін қараши. Адым жерге шықсақ машинага аяқ артын, үйреніп алғадбыз өзі. Жүректі май басты деген осы болар шамасы».

Үйнен жеткенше ауылдастарының біразы кездесті. Бас шұлғысын, қауқылдастын, амандастып-ақ жатыр. Бірақ, бірдебіреуінің аузынан «Батырдың бауы берік болғасын» деген сөз шықсайни. Өсірессе, көриңісі Үсеп бригадирге жыны келгені. Түнделетін Гүлдананы аудан әрталығына алғын кеткенін де біледі. Бір жақсылықтың боларын іші сезбей қалды деймісін. Ол да үндемей астындағы қаралерді қамишылан, егіс баына кетін барады. Баека күні болса, бригадирдің ісіне осылай асыққаны жайына майдай жағар еді. Асықнай көрсін, бұл ит терісін баына қантасын. Бірақ, казіргісін жактырмай қалды. «Бүкіл бригаданың жұмысын бір өзі тындырып жүргендей-ақ».

Алты болмелі кең үй бүгін Төреге тарлық етті. Төрдегі ілуулі тұрған әкесінің суретіне ұзак телмірді. Жүзі мейірімді,

Адамға күлімсіреп қарайтын сәкілді. Иегіндең шоқша сакалы бет бітіміне байсалдылық қондырып тұр.

Төре кілт бұрылыш шарайнасын алдына барды. Мұның беті тои-толық, жып-жылтыр, майлышау болғанымен экесіне ұқсайды екен. Қөңілденіп кетті. Ыңыладап ән айткан болды.

Мен сенің өміріңін жалгасымын...

Қырынды. Жуының шайынды. Тойға баратындаи таңдан жүріп костюм-шалбар киді. Мойнына галстук байлауды да ұмытқан жок. Тоқазытқышты анын көрді. Бәрі жеткілікті. Тоқазытқыштан қазы, ет, сары май, шұжық тұр. Қабыргаға ариайы ілінген шикафта інімдіктің тұр-тұрі. Қелген қонақтан үялмауга болады. Ендігі жетісегені... Е, бір қонкарды жайратуы керек-ақ шығар.

Телефонга жармасты. Аргы жақтан әйел даусы естілді.

— Қайнекей жеңгеймісіз?

— Танымай қалдыңыз ба, директор қайным-ау!

— О, сіз бе едіңіз? Әсекен керек еді?

— Ол кеше жолаушылап кеткен.

— Қап, мына қырсықты-ай, ә!

— Жайшылық на?

— Керек болған соң сұрап тұрмын той. Ерігіп жүрген жоқныз.

Трубканы тарс еткізіп қоя салды. «Жарайды, бүгін болмаса, ертең сойылар сол бір мал. Осы ауылда Әсілбектен басқа жөнді қасаш жоқ озі. Оның да жолаушылай қалғаны».

Гүлдана бұған «мен болмасам, күн көре алмайсың» дег зілсіз ұреуны еді. Бүгін бір әйелінеіз тірлік жасаш, күн көрсін.

Аe столының үстін інімдік пени тагамға сірестіріп койды. Бакшага барып, гүл ұзді. Шетелдік гүлшыдың жұнар піске шомылыш ортада тұр.

Бұл үйнен келгелі екі-үн сағат өтін қалынты. Ойныр-ай, біреу бас сұқсаіны. Төре кімдерді күтіп отырганин да түсінне бермейді. Әйтеуір, көрні-қолаң, қызметтестер дегендей... Біреулар келіп қуанышына ортақтасар. Осы жүрттың үйінде әншійн бір слеуеіз өзгеріп жылт етсе, бәрі тонырлан жата-тынын бұл біледі. Мұны той ондай жерге ариайы шақырып анарады. Қолнаштайды. Қотермелен торға отыргызыады. Төре қызметтінде де басшы, той-томалакта да басшы. Сол бойға сіңген мінезінен жаңылған емес. Анау-мынау артық қылжақты қотермейді. Бәрін отырган орынының мықтылығымен ықтырып отырады. Ойланап караса бұл қонақшыл екен де, ау-

ылдастары бұған қонақ болып көрменгі. Көрек десеңіз, көршісі Үсен бригадирдің өзі Гүлдашаның қолынан шай ішнеген екен-ау. Бұл не айтса, соны орындан, бәйек болып жүре берінгі. Мұның дастарханынан дәм тататындар аудашаң, облыстың келетін мыйқыттар гана екен. «Қой, бұлай жата бергенмен болмас. Өлімді шақыртып алайын. Ол да бір ынжык неме. Жүртка жар салып, жинаң келудің орынна құтылғанына моз бол, үйіндегі бұғын-жатыр-ау».

Сыртқа шықты. Үсенің қара борбай баласын көзі шалды. Атын білмейтін. «Әй» деп айгай салды. Анау бұрылыш, құйындастарын жетін келді.

- Әлімнің үйін білесің бе?
- Сіздің шоферіңіз бе?
- И.
- Білемін, анау көнір жақта.
- Вілесен өте жаксы. Сол Әлімге барын айта гой, мені шакырады де.
- Макұл.

Бала зыр жүгіріп жөнелді. Директордың бақсаны емес, мұны жұмсағанына қуаның барады. Төре болса алдына симаган көс көлшін артына айқастырын, есік алдында әрі-бері сенделді. Қоңаде өтін бара жатқан екі әйелдің күбір-күбірін құлагы шалып қалды.

— Диңектордың әйелі босанып жатса керек. Қөрдің бе, үйіне симай жүр гой.

— И, солай деген. Енді қай көршісі үйге шакырып, қонақасы берер екен.

Күйінін кетті. Кіжінді. «Әй, мына көкезу пемелерді-ай! Мен бір аштап қалатындаі-ак».

О демей, машиналам зыр өтін, Әлім жетті. Үсенің қарaborбайы да жарбыны бірге отырып келінгі. Машиналан түсес салып, үлкен іс тындыргандай бүйірін таяна қалды.

Бастығының ежіріе қараганынан ығыцқыраган Әлім елнелендең келін, қолын ұсынды.

— Әй, әлтінде гана «қош бол» дескен жок на едік?

Шофер жігіт ыржалактайдар ді.

— Сіз шакырды деген соң, құстай ұшын..

— Үйге кір, тансырма бар саган айтатын.

Үйге енгей соң Әлім есік алдында кібіртікеп тұрып қалды да, Төре диваңга барып шалқақтай отырды. Шоферін бүгін көргендей, аяғынан бағынадай дейін шолып шықты. Әлде неге ойланғандай.

— Өзіміз ариайы шақырмасақ, үйге ешкімнің келетін тұр жок. Қаладағы сияқты... — деді ызалаға мыре етті. Буылтық-буылтық бұғактары дірілден барып басылады.

— Конак шақырганымыз жөн болар, ә? — деді ол тағы да Әлімге қаран.

— Дұрыс қой, Төке. Арпайы шақырмасаңыз, сіздің үйге жүрексіні...

— Онда былай ет. Анау парткомды, профкомды, зоотехник, веттехник, бригадирді... — дей бергенде Әлім сөзін бөліп жіберді.

— Төке, олардың бәрі кешке партбюорога келеді емес не?

— Е, солай екен-ау. Кешке деймісің. Онда сол жерде бәріне өзім ескерттермін.

— Дұрыс қой, Төке.

— Дұрысы дұрыс-ау. Бірақ сол конак шақыруды ертеңге қалдырасақ қайтеді? Гүлданага да барып, ақылдастың кайтсақ.

Бастығының өзінен кеңес сұраганына Әлім марқайып қалды. Көтерілінкіреп:

— Оныңыз обден дұрыс. Төке. Директор деген атыңыз бар, жөндөн дайшидалу көрек, — деп хойди.

— Жарайды, сен кайта бер, кешке келіп мені көнторға апарып тастансың.

Әлім дып етін шыға жөнелді. Директор баштап шешіне бастады. Сол кездे костюмнің қалтасында жүрген бір уыс ақшатақ қолы тиін кеткені. Сығындан алды да, шкафтың тартнасына тастаї салды. Сүйіні де сұраусызы қалды деп күбірледі ішінен. Әлденеге өкінгендей басып шайқады.

Диванға көсліп жатып: «Ең болмаса күні бойы қасымда жүрген Әлімнің сүйінші сұрамаганы иссе? Сүйіншіцізді беріңіз деп айтпаңды-ау» деп таңдаңды. Инкі дүниесінен біреу үн катқандай болды. «Сұрамаса да сол Әлімге берін жібер, сірә батылы жетнеген шыгар». Куанып кетті. Оришаш үшіп тұрды. «Солай етемін» деді күбірлеп.

Осы ретте сұраусыз қалғаң сүйішісін беріп жібермесе, үйіне ешкім жоламайтындаи түйілді.

Ертеңіне скі езуі құлагына жеткен директор қызметтестерінің ортасында ағыл-тегіл ағынан жарылыш, сөйлем отырды. Элім де жыныц-жыныц етін, «калыңыздар, жеңіздер» дес қошактарға бәйек болып жүр. Қызметтестері болса түңгыш рет директордың алдында өздерін еркін сезінді.

Бұлардың көнишілігі бүркін Төреңің алдына үйін-төгін астарын қойып, конақ етіп зеріккендер. Енді біреулері директорының дастарқанына түңгыш келіп, өнітерін алғандай айыздары қанын қомагайланып жатыр.

Сүйіншінің сұраусыз алғаш Олімге қызғана қарагандар да бар.

ҚАРАҚШЫНЫң АЖАЛЫ

(әңгіме)

Сусыма құмды жел суырып, бірде жалданып, бірде өркештениң, бірде ойыла нірімдениң, кейде жолындағының үйіре көмін, кейде кеін алғандай айтакырланның қалады. Кешелі бері бол шешіп, тыныс алатып наша тапшай түи қатқан қарашылар аниқасқырдай ызалы, құрбандығының тапшай тынбайтын сұр жыландаі сұсты. «Бөрі азығы жойла» дег атқа конған олар сағымдаңған шетеіз-шекеіз құмга кезігерін болжамаган. Топ басыйдагы қаракер айғырдам үстіндегі коладан сокқандай тіп-тік отырган Қаражан «серіктерім әлдеңеден ши шығарын, мазамды алыш жүре ме» дег хаяінтенеді. Сонына еріп, жалактан келе жатқандардың арасынаң көңіліне медет тұтары — өзінің оц қолы болған Әділжан. Қебіне қарашыларды астам жауыздықтан, айуандық зорлықтан сактаңыратын, алғанмен ырқына көндіретін осы жігіт. Ол қазір жарау мінісінің сауырын сезіз өрмемен еншай түсіп қасындағыларды тыныштандырып қояды.

— Жүргенге жөргем ілігеді, жігіттер, сабыр сактаң жүре түсейік.

Мінезі қытымыр, құбылмалы сол қол — Қараниет ала көзі әдеттегісіндегі ойнақыны, тоңтың арасынаң өзіне алабөтеп ойдағы сыйбайлар іздегендегі әркімге сұрауды шийімден тігіле қарайды. Өзірге оның ыңғайына жығылың, емеурін таныттындаі ешкімің құлқы байқалмады. Өйтесе де бәрінің қабағы катыңқы. Алда-жалда алдарына бақытсыз бір сорлы кезіге қалса түте-түтесін шығарардай еншайы бар.

— Жігіттер, үмітейіш шайтан, эне қараңдарны, етегі құмга көмілген бір қараша үйдің төбесі көрінді, — дег оц қол — Әділжан айқайла і жіберді. — Өлмегенге өлі балық жолыгады деген осы.

Қаражан селт етін қаракер айғырдам тізгінің тартты. Оң ізінде айбарлана түсті. Сол-ақ екен, борі ошарыла-қалды. Оц қол — Әділжан сөз бастанады.

— Мырзам, көне алмай құмда отырган бейнара бір нақыр шығар, өз қолымен үеңисе дәм-тұзын татып, тез жүріп кетейік. Ел шеті алыс емес шығар.

— Айтқаның болсын, оц қол.

Қараниет Әділжаның алдын оран кете алмаганына өкішіп, ерінің тістеледі. Амал қаша, топ басының шешімі айты-

лып қалды. Қаракиши өмірінде екі сойлеу жок. — Жемтік із-
деген корқаудай топырлағандар қараша үйге андағайлаш ат
көйді. Шашасын күмгә малыган міністерін бір-біріне тізгі-
ніңен матап жіберіп, секіріп-секіріп жерге түсті. Инке он ко-
лы мен сол қолын ертіп Қаражаниң өзі кірді. Үшесүін бет-
аузын шандын алған, бемі бұқір жасамыс әйел карсы алды.
Көлдары ұзын жеңінен көрінбейді, бет деғенен көзі ғана
жылтырайды. Дауысы қарлығын естіледі.

— Төрлетіндер, қаректарым!

— Ана, бізге сусын мем жейтін тамақ бер, — деді Қара-
жан.

— Қаректарым, жаман жара шығын, содан қорынып ус-
ті-басымды орап алаң едім. Жиіркепін жүрересіндер, анау
козеде сусын, дастарханда ораулы наи тұр, өздерің ала-кой-
надар.

Оң қол — Өділжан сандықтың алдында тұрган көзे толы
сусын мем жеті наңды сырттағыларға және өздеріне теңдей
болді. Қарындары тоғын, шөлдері қанбаса да жалактаған
жыланның беті кайтын, қарақышылар жап шакырыды.

Сол қол — Қаранист келген сөттен үй несіне тесіле қа-
раумен болған. Осіресе көк сандықтың ішінде жұмбак сыр
бардай жалтак-жалтак караган. Қагаберісте Қаражаниның
құлагына сыйбыр етті.

— Мырзам, мына әйелдің көзіне зер салып қараны, жау-
таңдан тұр. Құлай біледі бұл жасамыс емес.

Тоң басыңызың әлденені айтпақ бол ыңғайланса бергенде
Өділжан кий кетті.

— Ана, наңыңыз өте дәмді екен. Ешкі сүтіне илең шісіріп
не едіңіз? Бірак бұл маңда мал көрінбейді?..

— Алада қарагым-ай, дәмділігін байқаған екенсің гой. Жа-
ман немерем бар еді, көнекін елмен бірге кетті. Алла таға-
лам согаң кеүін калған кеудемді підріп, сүт шыққан. Наңға
оз сүтімді косын илең едім.

— Ана-ау, онда біз бөріміз сіздің баланың болдық қой.
Сүттіңге илеңгенді наңды жеген соң ана сүттің емгемен бір-
дей гой! Шаригат жолы солай емес не?

— Дұрыс айтасың. Енді қаректарым, жасың бар, жаса-
мысың бар, бөрің де мениң балам болдыңдар.

Қаракишилар аңтарының тұрын қалды.

— Ал, ана, батаңызды беріңіз. Біз баланың боғ аттанай-
ық, — деді Қаражан.

— Амандықиен жолығайық, қараптарым, Әүмні! — деп әйел батасын беріп, қаракшыларды есік алдына шығып, аттандырып салды. Басқалары ана тантық деген көнілдеріне әлдебір жылы сезімді күйін кеткенмен Қараниет әлдеқан-дай құдікті түйіп аттаанды.

Түзде жорткан аламан топтың багы шанты. Хиуага қарай өтөлелей тартқан бай керуешге кездесіп, қаш шыгармай, жай берісней тонаң алды. Қоңылдері қотеріліп, әркім өз үле-тіне мәз бол, кайтар жолда етегін құм жаңқап қараша үйге соқты. Тагы көзө тола сусынды бөліп ішіп, дәмді нашпан ауыз тиді. Қараниет Қаражаниң құлагына сыйырлап:

— Мирзам, анамыздың жанаарына тагы бір тікten қараши, — деді.

Шыныда әйелдің көздері нұрлы, жайнаң қагын түр скен. Қаражаниң жүргөі дір етті. «Анырау, мына таныс көз-қарас бұқір әйелге қайдан келгей?» Дауысы өзгеріп:

— Ава, шының айтыңыз, сіз кімсіз? — деді.

— Жанаарымнан таныс тұрмысың, Қаражан? — деді әйел.

— Балшырың, бұл сенбісің? Мынау кай мазағың?

Бұкір әйел қабаттан киген кіімдерін, бетін ораган мата-ны шешіп, беліндегі жастықты алғын тастады. Қаракшылардың алдында осы өнірге сұлулығымен, нарасаттылығымен, ақылымен әйгілі болған келіншек түр еді. Бұла өскен қыз кезінде Балшырыңға осы Қаражан өлердей гашық болған. Сылашып, тараның жүретіп, білікті жерден шықкан қыз аяны шалыс басқан қаракин жігітке бейілін бермеді. Таңдан жүріп, қылғымен қызықтырып бір сері жігіттің етегінен үстеган. Тадыр айдан күмда қалып қойтапда қаракшылардан құтылау үшін амал-айла жасанты.

— Қаражан, мәрттігің мен сралғің бір басыңа жететін жігітсің. Серіктерің де «сен түр, мен атайын екен». Жолым жіцинике, өзім әлсіз әйел болғандықтан осындаи амал-айла жасадым. Сендерге сүтімді беріп, аналарың әolandым.

— Сен бұл арага қайдан келдің? Ел-жүртің қайда? — деді Қаражан.

— Ауылымызды қашқұллы жау шанты. Күйеуім шайкаста шейіт кетті. Мен жағынан көрестеммен эрең дегендеге бой тасалаң, аман қалдым. Елсізде адасың, тігулі күйінде біреулер қалдырып қеткен осы есік қараша үйді паналадым. Анау арада аузы күммен бітелген құдыш бар екен, соны аршыдым. Сейтін азын-аулақ арқалай келген ұпымды талғажу

етіп жүргенде сөндердің қараларың көзге шалынды. Балам-
ды сандыққа жасырын, өзім бүкір әйелге айналдым.

— Бізге өз сүтіне илекен наң бергенің рас па? — деді
Әділжан.

— Рас. Балама наңды өз сүтіме илеп, пісіріп беремін. Сол
нашанай сөндер дәм таттыңдар.

— Бізді неге алдайсың? Алдаганга он-оңай көне қоятын
бала емесініз? — деп Қараинет дікендей жөнелді.

Қаражан оны тиши тастанды.

— Жә, сабыр ет! Қалай болғанда да шаригат жолы ақ.
Біз енді Балшырының баласымыз.

— Бәрекелде, салауатты жігіттік сөз айттың, Қаражан.
Кім перзентін жек көреін. Енді сөндер де зорлық-зомбылық-
ты койың, ел қатарлы адап еңбектеріңмен әмір сүріндер, —
деді Балшырын.

— Адалдыққа торбиелеген сөзді бізге талайлар айттын
еді, ойланып жүретінмін. Мен енді осы сезіне тоқтадым, ана!
— деді Әділжан.

Топ басы Қаражан екіұдай сезімді жеңе алмай ұзақ тұр-
ды. Көз алдына мына сұлудың соңынан аңдын талай түнді
үйқысыз көзімен атқызыған сөттері елеестеді. Балшырынды
зорлықпен алғы кетсе шамасы жетер еді, қолынан желер
еді. Қаражан, неге әкенин білмейді, өйткес алмады. Шын ға-
шының жүргегін жарагалғасы келмеген. Жүрекке әмір жүр-
мейтінін сезін, ерікті сұлудың өзіне берген. Сонда Балшы-
рын: «Көркің мен қайратың ешкімнен кем емес. Бірақ адап
еңбегіңмен мал тауып жүрген жокесың. Қолың былғанған.
Мен сондықтан сенен іргемді аулак салдым, кейбіреулерге
сабак болсын, ұнатқан жітітім бар» деген.

Сөйткен сұлудың басына қара бұлт үйірлін, жесір қа-
лынты. Мын бұрылым тағдыр-ай, десенін!

Қаракаш Қаражан да ет нең сүйектен жарагалған адам
еді. Тұла бойы шымырлан, Балшырынды аяп кетті. Жас ба-
ламен енді мұның күні не болмақ.

— Ақ сүт берген анадан артық кім бар, бізben бірге жүр,
— деді топ басы ауыр күрсінін.

— Пейілдеріне алланаң рахымы жаусын. Жүре беріңдер,
мен өз күнімді көрермің, құдайдың ризығын теріп жүрмін.
Тек әйтеуір, ақ сүтін берген анамыз бар еді дей еске алыш,
окта-текте жол түскенде хабар алыш тұрсаңдар болғаны.

Әділжан караша үйдің алдына олжалаган боталы інген-

ді шөгерді. Үстіне артылған өрік-мейіз, қант, шайын, ұнын да түсіріп алмады.

— Ана, жас нарестеге азық етерең.

Қаражан да олжасының біразын таstadtы. Тон басы сөйткен соң басқалары қарап қалсап ба? Бірі кездеме матасын, бірі қакталған қауынқағын, женті мен тарысын берді. Өз үлесінен бермеген жалғыз Қараниет еді. Ол серіктерінің мына әрекетін жақтырмай шеттей жөнелді.

Қаражан жігіттеріне «кеттік» деп белгі берді. Сол-ак екен қаракиылар ыргын-ыргын ер үстіне қоңда да, міністерін қос бүйірге тенкілен, құмды бұркыратын Қараниеттің соңынан шұбырыды. Қобінің қияллында бұзық ингым жок, тек қана сол кол — Қараниеттің ойы әлде де алаботен. Енді пайза бойламайтын айлакерлігіне басты. Зымниандығын ішіне жиып Әділжан мен Қаражанды көңекөріпей көзіне мактан, марапаттаған, айналынқтан жандарынан шықпады.

Түс әлемтінде Әділжан аяқ астынан ат үстінде шалқалан жатып, ес-түсінен айырылаш, құса баstadtы. Қияқ мұрты дірлір етін, өпі бозарын, жантәсілім етуге айналдығ Қаражан шырылдан кеп оның жашина жетті.

— Оң кол, саган не болды?

— Алла тағаламның жіберген ажалы шыгар, әлгінде коржыныман бір малтана алын аузымға салын едім. Қоң, бақұл бол, мырзам!

— Қандықөйлеқ, әділ серігім едің. Бізді қалай қыны барасын, Әділжан. О дүниеде бақұл бол!

— Ақиретте жолығысармыз. Ата-анадан жастай жетім қалып, ана сүтінің дәмін білмей өсін едім. Өзінің де тағдырың солай гой, мырзам. Ендігі анамыз Балашырын. Ана сүтінің дәмі аузымнан кетер емес. Оған бае-көз бол, ешкім киянат жасамасын.

Осылай деп оң қол — Әділжан серіктерінің жүрегін үзіп, мәңгігө көз жұмып кете барды. Бар нөле әлгінде Қараниеттің бір уыс малтанаң күтідагы жылан уша малын, білдірмей оның коржыныңдағы малтага арааластырып жібергенінен болған. Соның бірі Әділжанның колына іліккенін зымниян сол қол — Қараниеттен басқа ешкім сезбеді.

Қарақиылар оң қол — Әділжанның денесін арулан жерге беру үшін бұлакты тауға бет түзеді. Сүнт жүрін отырын алғанықы кездескен бастаудың сүншап алып, мойітті жуып-шайып, мола қорыған бір шыракиыны тауын экеліп, жаназасын шығартты. Мұсылмандықтың кәдесі жасалып, Әділ-

жапының жамбасы жерге тиіді. Тірлікте көрмеген тыныштықты ол енді танты.

Сүм әрекеттің дәмін татқан Қаранист Қаражапың пенделігін оятын, біртіндең жаман лигымга қараң жетеледі. Балыныңға деген ыстық сезімі лықсып, ақылға қоңбей көрсөкүрлікка жетелемес не екен дең тамырын басын көрді,

— Балының наресте сүйген соң бұрыныңдан да сұлуланың кетініт-ау, мырзам. Оның үстіне жесір қалып отыр.

Қаражан алғашында оған жақтырмай қараған. Бірақ алдын-астана Қаранист азғырын қойған үшін төрт қарақыш қосарланаған:

— Мырзам, сол келініңектің сүті соңшама наңға не жүгін болды дейсің. Соның «сөндерлің аналарың болдым» дегеніне сөнбей келе жатырмыз, — дең өзсуреді.

— Аナンың емшегін ембекен соң қайтін баласы боламыз. Ақылға сыймайды екен. Мен де соны түсіне алмай келемін, — дең Қаранист ушыктыра түсті.

— Маган енді не істе дейсіндер? — дең Қаражан шарасыздық танытты.

Қаранисттің күткені сол еді, саіран қоя берді.

— Мырзам, не істейтіні бар? Нистіңді сезген соң мысым құрып, үндемей келемін. Жұдә, анат болды, шаригат жолынан қорқамын десең маган рұқсат ет, ол әйелді жалындан құниуга бармын.

— Қыскарт! — дең айқайлап жіберді Қаражан. — Маган не істейім керектігін айт.

— Өзің гой, мырзам, өзегің өртөнің ғашық болғаның құдайға да, пендеге де аяи. — Икемге қоңбен еді. Сендей жігітті менсінбеген еді. Алла тағалам жесір етіп, астамсынған көңілін баекан шыгар. Әйелдің бар гой, мырзам, сырғы маган мәлім. Қоштаасарда байқадым, өзіңе ынтық, іңкөр қөзбен каралы. Топ ішінде алабөтен өзіңе қарамаганда басқа кімге қарасын.

— Шын айтамысың? — деді Қаражан сол қол — Қаранистке төнен түсін.

— Мырзам, байқаганымды айттып отырмын. Ол үшін қандықөйлек серігің мәні айштамассың деймін.

Каражан көн сәзге бармай қарагердің басын көрі бүрдә.
— Мен Балынымен тілдесін қайтамын. Мені қасиетті
жарт Қазығұрттың етегіндегі күтіндер. Сол көз — Карапиет
мен келгешіне тоң басынысы болады.

Карапиет макеатының бір үшіншін үстегандай теріс ка-
раи, жымың етті. Каражан қарагер айғырын тебінің, арқы-
ратын ала жөнелді. Серіктеріне бұрылғын тақарамады. Қоз
алдыңа Балынының сұлу жүзі, балғын денесін елестейді.
Уылжыған ерін, талшыбықтай бұраңған бел қандай? Акбо-
рықтай актамақ, келісті келбет қандай? Сонымен катар құ-
лагына оның: «Мен сендердің аналарың боядым» деген сөзі
де косарлана еміс-еміс естілетеңдей. Вірак ариналыжан екі-
удай сезімінің соңғысынан алдыңғысы басым.

Каракиши Қаражан жүргегінің дүреілінен өзге өнтеңені
сөздеді. Откір жаңарлары шоқтай жайнац, жүйрік қарагері-
нің үстінде алға қарай емінін келеді. Болат тұқттар шаша-
сына дейін күмга батса да жануардың қолтығы сөгіліп, ба-
рын салды. Мойның жаңаңын жаңы-жаңы етеді.

Сол екінмен қараша үй алыстан көзге шалынғанда тіз-
гін тартты. Алтан түсті. Өз-өзінен тершіген маңдайын сурт
ті. Қарагерді мойнынан синаған күйін үзак телмірін үй маны-
на қарады. Құмың арасынан шығын, етігінің қопынынан
жоғары қарай өрмелеген қаракүртты байқаган жок, сезген
жоқ. Қарагер әлденеге тынышсыздандын оқыранады. Бұл тіз-
гінді сілікті.

Қаракиши Қаражан Балынының сүтіне пленген наанды
жегенін ұмытын кетті. Бұдан былайтын өмірін ат үстінде ем-
ес, өзгение елестетті. Үй-жай, жайлы төсек, бұраға баекан
жары... Сол ұзакқа созылған елесті мойның ғүсінің ауырта-
тыз еткен бұзын жіберді. Алаканы барын сол түска сарт
еткен. Домалан түскен қаракүртты көргендеге жүргі су етті.
Мойны тызылдатын алын барады. Қаражан не істерін біл-
мей аласүрдь. Несінің тынырының барын күмга аунай кетке-
нінен үріккен қарагер бірде кісіней, бірде оқыранын айнал-
сақтаң, сол машина шықпай жүр.

Қаражан озінің көпке үазамасын сезді. Азапты өлімді тоеканша бір тәуекелге бел буган. Беліндегі өткір қашжарды қынышан сұрыны аалын, өзінің жүрек тұсын шамалап, көзін жұмды да, бар қуатын жиын: «О, алла-ай!» деги қеудесіне кірш еткізді.

Қарагер мал да болса есті жапуар еді. Кісінеген қүйі қараша үйге жетіп барған. Балшырының жүргөі әлдекандай жамандықты сезін, атисен жәдіртін Каражан жаткан жерге келді. «О, күнөлі нерзентім!» — деги жылтан жүрін өз қолынан көмді.

Қарашиет болса сол топты басқарып ұзак өмір сүрінгі де-седі. Біреулер оны әлі күнге ел кезін, жұртты бұладіріп жүрекен дейді. Шындық па, азыз ба оны кім білген?

Тап сол қарақшы Қарашиет тірі болмаса да кейбір караинеттілердің тірі жүргеніне өмір куә.

ШЫГАРУШЫ «ӘЛИЯ» БАСПАГЕРЛІК ШАҒЫН ҚӘСІПОРНЫ

Редакциялық кеңес төрагасы Т. Тәтінбаев.

Редактори **М. ТЕЗЕКБАЕВ**

Техникалық редакторы **Л. ЮН**

Суретшісі **М. БАРАЙЫСОВ**

Корректоры **С. ТЕЗЕКБАЕВ.**

Теруге 4. 10. 93 жіберілді. Басуға 2. 12. 93 қол қойылды.
Пішімі 60x90^{1/16}. Газеттік қағаз. Шығыңқы басылым. Есептік
баспа табагы 4 бет. Тарапымы 5000 дана. Багасы келісім
бойынша.

Шымкент қалалық баспаханасында басылды. Тапсырыс
№ 4076.

ISBN 5-86020-141-9